



КӨКЕЙКЕСТІ



Күш құрылымдары лаңкестер лап бергенде дайын болмай шықты. Құрал-жабдығы ескі. Тіпті арнайы жасақты тасымалдайтын көлігі де болмаған. Аймақтарға жолы жиі түсе бермейтін үкімет басшысы қасындағы министрлерімен Ақтөбеге барғанда осындай шымбайға бататын шындықты біліп қайтты.



(Жалғасы 3-бетте)



ЖҰМЫССЫЗДЫҚ
АЗДЫРАДЫ ӘРІ
АЗҒЫРАДЫ

3



ДИҚАНДЫ
ШЫРЫЛДАТҚАН
ШЕГІРТКЕ

4

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қанша алдың?

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Лоббистер
аяқтан шалғысы
келеді



Жас қазақ: Депутат зауыт өніміне сұраныс болмайды деп отыр. Себебі Ресей мен Қырғызстандағы осындай зауыттар бүгінде шығынға батып жатыр екен.

Мұрат ӘБЕНОВ: Бұл зауытқа қарсы шығып отырғандар Ресей компаниялары. Олардың елімізде серіктестері, лоббистері бар.

(Толығырақ 2-бетте)



«НАРМАЛЬНА
АБЦАЙСЯ!»

8



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
47,40

DOLLAR
339

EURO
382

РУБЛЬ
5,18

БҰЛ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ!



Қой терісі деменіз...

Ақмола облысында биылғы көктемде өріске 500 мыңнан астам қой шықты. Облыстың елді мекендерінде мыңдаған тонна жүн, малдың терісі босқа шіріп жатыр.

(Жалғасы 4-бетте)

@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» ЖАҢА САЙТЫ
jasqazaq.kz



Билік

Уақытша тоқтатылды



Жерді сату мен жалға беру уақытша тоқтатылады. Осы аптада Мәжіліс депутаттары халық арасында наразылық тудырған Жер кодексіне өткен жылы енгізілген кейбір нормалардың жүзеге асырылуын тоқтату туралы заң жобасын мақұлдады. Бұл құжатты әзірлеуге Президент Н.Назарбаевтың «Жер заңнамасының кейбір нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы» Жарлығы негіз болды. Енді заң жобасы Сенатта қаралады.

Мәжіліс депутаты Сергей Звольскийдің айтуынша, заң жобасын талқылау барысында депутаттар тарапынан жер қатынастарын реттеуге бағытталған басқа да бірқатар ұсыныстар келіп түскен. Соның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мәселелері де бар. Алайда оны бастама жасаған депутаттар кейіннен өздері алып тастады. С.Звольский «Біз жер заңнамасына қатысты заңнамалық өзгерістер енгізу мәселесін тек Елбасының тапсырмасы бойынша құрылған Жер

реформасы жөніндегі республикалық комиссияның отырыстары аяқталғаннан кейін ғана қарастырамыз деп шештік. Комиссия жергілікті жұртшылықтың пікірлерін, өңірлердегі мәселелерді терең қарастырып, талқылауға кіріскен. Осыған байланысты, қаралып отырған заң жобасында мемлекет басшысының мамыр айындағы мораторий туралы Жарлығын іске асыру тетіктері ғана қамтылып отыр», — деді. Заң жобасы бойынша баяндаманы Премьер-Министрдің орынбасары — ауыл шаруашылығы министрі Аскар

Мырзахметов жасап, Жер комиссиясының келесі отырысы Алматы облысында өтетінін хабарлады. Ал Мәжіліс депутаттары қабылдаған заң жобасына сәйкес ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, жарғылық капиталында 50 пайыздан аса үлесі шетелдіктердің меншігіндегі заңды тұлғаларға жерді уақытша жер пайдалану құқығын беруге болмайды. Сондай-ақ заң жобасында ел азаматтары мен заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жекеменшік құқығын беруге байланысты норма бар.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Жас казак: Мәжіліс депутаты Омархан Өксікбаев Қызылорда қаласында салынып жатқан Orda Glass шыны зауытын тиімсіз жоба деп бағалады. Сіз осымен келісесіз бе?

Мұрат Әбенov: Қызылордадағы зауыттың тиімді тұсы көп. Біріншіден, бұл жоба бізге өте арзанға түсті. Доллар бағамы 180 теңге болып тұрған кезде зауытқа қажетті құрал-жабдық алынды. Сол уақытта біз 130 млн доллар жұмсаған болсақ, қазіргі жағдайда екі есе үнемдедік. 3 жыл бұрын Ақтөбеде осындай зауыт салынады деген уақытта, 240 млн еуро қаржы қажет болды. Қызылордадағы зауыттың тағы бір ерекшелігі, шығарылатын өнімді кез келген құрылыс саласына қолдануға болады.

Жас казак: Депутат зауыт өніміне сұраныс болмайды деп отыр. Себебі Ресей мен Қырғызстандағы осындай зауыттар бүгінде шығынға батып жатыр екен.

Мұрат Әбенov: Бұл зауытқа қарсы шығып отырғандар Ресей компаниялары. Олардың елімізде серіктестері, лоббистері бар. Солар қарсы шығып отыр. Себебі біздері

Мұрат ӘБЕНОВ,
қоғам қайраткері:

Лоббистер аяқтан шалғысы келеді

әйнек нарығының 70-80 пайызын ресейлік компаниялар жаулап алған. Олар ертенгі бәсекелестен қорқып отыр. Бізде олардың өніміне сұраныс бар. Ертен өз зауытымыз іске қосылса, сұраныс жоғалады. Себебі Ресейден шыныны алып келгенше, өнімнің 20 пайызы сынады. Жолын, тағы басқа шығынды есептегенде әйнек бағасы тағы 30 пайызға қымбаттайды. Қазір жан-жақтан ортаға адам салып, сын айтатындар көп. Біз не үшін Ресейге тәуелді болуымыз керек? Нарығымызды не себептен оларға беріп қоюымыз керек? Қызылордада сапасы ең жоғары құм жатыр. Ол біраз уақытқа жетеді. Көгілдір отын құны арзан. Жұмыс қолы бар. Қырғызстандағы зауыт біздің сұранысқа сай келмейді. Біз сонғы халықаралық үлгідегі тәжірибені қолданамыз. Өндіру технологиясы заман талабын сай болады. Шынын айту керек, бұл зауытты Қызылордада осыған дейін де саламыз деп үш рет



Серік АҚЫЛБАЙ,
Сенат депутаты:

«Терроризм үшін жазалау шарасын қатаңдату керек. Өлім жазасына дейін. Қазір біздің Қылмыстық кодексте оған мораторий жарияланған. Менің пікірімше, теракт ұйымдастырушылар қатаң жазалануы тиіс. Бұл қатыгездік емес. Жәбірленуші тараптан қарасаңыз, бұл өте әділетті әрекет. Біз сотталушы қылмыскерлердің құқығына тым көп мән береміз. Бірақ заң керісінше, зардап шеккен жаққа жақтасуы қажет»




Евгений ЖОВТИС,
құқық қорғаушы:

«Мұндай содырларды өмір бойына түрмеге қамап жазалау керек. Өйткені, Конституцияда — адам ең басты құндылық ретінде саналады. Өлім жазасын қайта енгізсек, Ата заңымызға қайшы әрекет жасаймыз. Оның үстіне біздің мемлекет БҰҰ-ның Ассамблеясында өлім жазасынан бас тарту туралы декларацияға қол қойған»



Допинг дауы

Халықаралық ауыр атлетика федерациясының бейсенбі күнгі хабарын естігенде төбемізден жәй түскендей болды. Ауыр атлетикадан төрт бірдей чемпионымыз допинг дауына ілікті.



Илья Ильин, Зулфия Чиншанло, Майя Манеза және Светлана Подобедоваға Лондонда 2012 жылы өткен Олимпиада ойындарында допинг қолданды деген айып тағылып отыр. Әзірге олар ешқандай жарысқа қатыса алмайды. Мәселе оңды шешілмесе, Риоға барулары да екіталай. Допинг-сынамаларын тексергенде төрт зілтеміршіміздің қанында станозолол қолданғаны анықталды. Ал И.Ильин мен З.Чиншанлоның қосымша тағы екі препарат қабылдағаны белгілі болды.

27 маусымда Халықаралық Олимпиада комитетінің тәртіптік комиссиясы ауыр атлеттеріміздің мәселесін қарап, бір шешім шығаратын болады.

Илья ИЛЬИН,
ауыр атлет:

«Өздеріңіз білетіндей, ешбір



Владимир СЕДОВ, ауыр атлет:

«Бүгін біздің еліміз үшін және әлем үшін ауыр атлетикада қайғылы күн. Олардың барлығы жақсы адамдар, бірақ осындай қиын тағдыр болды. Илья, Зулфия, Майя және Света менің жүрегімде чемпиондар және солай болып қала береді. Алексей Геннадьевич (А.Ни, ауыр атлетикадан Қазақстан құрамасының бас бапкері – ред) бұл сіздің жұмысыңыздың нәтижесі. Сіз олардың тағдырына балта шаптыңыз!»



Көкейкесті



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Ақтөбеге шенділердің келгенін көшедегі кептелістен байқауға болады. Үкімет басшысы өңірде жасалып жатқан жұмыспен танысты. Мәселені Мәсімов жастардың жұмыссыз жүруінен іздегісі келді ме, оған жастар саясаты, жұмыспен қамтамасыз ету туралы аз айтылмады.

Өткір де өзекті мәселе көтерілген жиын таяуда қанды қақтығыс болған №6655 әскери бөлімінің мәжіліс залында өтті. Өзі санаулы минутқа созылған басқосуда бірнеше министр мен жергілікті шенеуніктер төбе көрсетті. Бұрын-соңды айтыла бермейтін сандар көп айтылып кетті ме, бәзбіреулердің белгі беруінен кейін бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін сыртқа шығарып жіберді.

Аз уақытта не айтылды?! Кешегі қақтығыстарда ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері де, төртпін сақшылары

Өз кезегінде облыс басшысы Бердібек Сапарбаевтың айтуынша, өңірде болған соңғы оқиғаларды, сонымен қатар облыстың демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуын есептегенде кадрлық қамсыздандыру, сонымен бірге құқық қорғау және арнайы органдарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтау мәселесі өткір тұр.

Сондай-ақ қазіргі таңда нысандарды антитеррорлық қорғауды күшейту, бейнебақылау камераларының санын көбейту және оларды техникалық жағынан қамтамасыз ету аса қажет. Облыстың осы және өзге де жоспарларын жүзеге асыру үшін 16,6 млрд теңге қажет.

Мәселен, облыстық ішкі істер департаменті арнайы автокөлікпен қамтамасыз ету республика бойынша ең төменгі орында. Небәрі 43%

Ащы шымдық



да қатты қиналғанға ұқсайды. Үкімет басшысының алдында полицейлер өз мұнын шақты. Лаңкестік әрекет болған күндері қандай қиындықтарға тап болғаны жөнінде облыстық ПД басшысы Махсұтхан Әбілғазимов хабарлады.

Ол «5 маусымда болған қақтығыс салдарын зерттеу кезінде ішкі істер органдарындағы оқшылықтарды тізбектеп берді. Біріншіден, бір мезгілде қаланың бірнеше ауданында болған қақтығыстарды ауыздықтау қиынға соқты. Сонымен бірге жеке құрамның қалалық жағдайда күрес жүргізуге білімі мен біліктілігі жетінкіремейді, — деді.

Өзінің көлігі болмағандықтан, жеке құрамды қаланың бір бөлігінен екінші

қамтамасыз етілген. ПД мен прокуратура қызметкерлерінің санын арттыру қажеттігі сезіледі.

Ақтөбе қаласының 450 мың тұрғынға 47 прокуратура қызметкерінен келсе, 350 мың тұрғыны бар Тараздың қалағалау органдарында 52 адам еңбек етеді.

— Әрине, шағын штаттың қадағалау жұмыстарының сапасына, соның ішінде экстремизмге қарсы өткізілетін іс-шаралар кезінде әсер етері сөзсіз. Қосымша штат ашып, материалдық-техникалық базаны жақсартуға қаржы бөлуге көмектесуіңізді сұраймыз, — деді облыс әкімі Премьер-министрге.

Бес жылға шегініс жасасак. Облыстың бірнеше жерінде болған атыс-шабыс,



жағына тасымалдау үшін автобусты әкімдіктен сұрауға мәжбүр болыпты. Облыстың «бас полицейі» қызметкерлер санының аздығын айтып налыды. Бір мезгілде 500 адам сөйлескенде ескірген рация ауыртпалықты көтере алмаған.

Өз кезегінде Ақтөбе облысындағы ҰҚК департаментінің басшысы Нұрлан Қадырбаевтың айтуына қарағанда, Ақтөбе облысында 100-ге тарта жиһадшы бар. Ол қақтығысқа қатысты адамдарды анықтау мақсатында шаралар қолға алынып жатқанын жеткізді.

Н.Қадырбаев «Салафилерді бақылау үшін көп күш кетті. Өткен жылдан бері 32 салафиді райыннан қайтардық. Алайда сауатты дін қызметкерінің тапшылығы сезіледі. Бізге жергілікті мамандар даярлау қажет, — деп атап өтті

ҰҚК департаменті басшысының айтуына қарағанда, былтыр 14 радикалды топтың қызметіне тосқауыл қойылыпты. Олар жер-жерде зорлық-зомбылық әрекет жасамақ болған. Арнайы қызметтің ғимараты да мәз емес. Елу жыл бұрын тұрғызылған ғимарат қазіргі талапқа сай емес. Небәрі 11 қызметкер терроризм, экстремизммен күреседі.

жарылыстардан соң, үкімет дереу қимылдай бастады. Темір ауданында әлеуметтік нысандар пайда болып, кейбір ғимараттар жөнделе бастады. Имамдарға да жағдай жасалып, халықтың көңілін аулауға бағытталған жұмыстар қолға алынды. Жастар жұмыссыз жүргендіктен, осындай қадамға барды деген уәжбен, жұмыс орындары ашылатыны туралы аз айтылмады.

Осы жолы да нақты қадам жасалады. Білік тарапынан шаралар қолға алынар. Дегенмен, идеология тұрғысынан келгенде, кішкене кідіріс байқалады. Кідіріс те емес, шегініс бар. Жастар саясаты әлсіз қоғамда жас өркен рухани азықты өзге жақтан іздеуі мүмкін. Ресми құрылымдар айтып жатқан жиһад жасау туралы бұйрықты да!

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



МӘСЕЛЕ

ҚР Бас прокуроры Жақып Асанов елімізде тіркелетін құқықбұзушылықтардың 84 пайызын жұмыссыз жүргендер жасайтынын жасырмай айта бастады. Аңдайтын адам болса, құзырлы орындар да біраз жайды ашық айтады. Әрине, «айқайлаған», «уралаған» мәлімет басымдау. Сол себептен көбіне сондай ұрандардың тасасында шырылдаған шыңдық жатады. Бірақ шындық шықпай ма, өтірік бұқпайтын ба еді?!

Кейде сол шындық шыққанда жай шықпайды, сан соқтырып, қан қақсатып шығады ғой. Соның бір көрінісі — таяуда Ақтөбеде орын алған трагедия. Біз, әрине, оны сақалды сәләфилердің жетегінде кеткендердің, жат ағымға санасы уланғандардың салған ылаңына теңедік те қойдық. Ал оның тасасында жұмыссыздық деген күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселе де бар емес пе?

Әдетте, қоғамда қандай мәселе бар, қайсысы ұшығып келеді, дер кезінде айтылады, әңгіме болады. Бірақ соған уақытында жете назар аударылып, шешу жолдары жедел қарастырылмайтыны қиын. Жалпы статистикалық көрсеткішпен алып қарағанда, біздегі жұмыссыздық мәселесі сондай бір күрделі қоғамдық ахуал болып көрінбейтіні рас. Мәселен, статистика жөніндегі комитеттің мәліметіне көз салсақ, биылғы мамыр айының аяғында елдегі жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз болып белгіленген. Жалпы жұмыссыздар саны 436,7 мың адам екен. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда төмендеу. Жаксы ма? Әрине, жаксы! Елімізде жұмыссыздық деңгейі біртіндеп төмендеп келе жатыр деуге болатындай. Бірақ оған жақынырақ үйіліп, әр санның арғы жағын қозғап көрсек, мүлдем басқа жағдай көрініс береді. Осы ресми түрде тіркелген жұмыссыздың елу пайызға жуығы жастар екен. Соның ішінде дипломымен жұмыс таппай жүргендер көп. Міне, бұл бізді ойландыруы тиіс күрделі мәселе. Ақыл ойы жетіліп, күш-қуаты кемеліне жеткен жас адам жұмыс таппаса, қайда барады? Ең бірінші мақсаты — беймәлім діни топтардың ортасынан табылады, қылмысқа барады. Құзырлы органдар осы мәселеге енді назар аудара бастағандай.

Бұл жетіде Ақтөбеге барған үкімет мүшелері жұмыссыз ретінде тіркелген жастардың мәселесін қарастыруда. Ақтөбе қаласында биыл 1 маусымға дейін жұмыспен қамту орталығына 891 адам тіркелсе, соның жартысынан көбі — жастар. Бұл мәліметті баспасөз мәслихатында хабарлаған денсаулық және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова осы өңірде 20 мың адамды жұмысқа орналастыру көзделіп отырғанын мәлімдеді. Жыл басында министрлік тек 2015 жылы 13 мың адамның жұмысынан айырылғанын жария етті. Оның себебі — өндіріс орындарында жұмыс көлемінің қысқаруы. Көңілге жайсыз тиетін көрсеткіш мұнымен бітпейді. Елімізде осы жылдың басында 4 мыңнан астам адам ақысыз еңбек демалысына кеткен. Олардың басым көпшілігі жұмыссыздар қатарын толықтырғаны белгілі.

Енді осы арада бір парадоксты айтпай кетуге болмайды. Бір жылда 13 мыңнан астам адам жұмыссыз қалса, жыл сайын жарияланатын бос орындарға 17 мың маман табылмай қалады. Неге?

— Иә, жыл сайын 17 мың жұмыс орнына маман табылмайды. Өйткені, арнайы оқу орнын бітірушілер жұмыс берушілердің талабына жауап бере алмайды. Бұл мәселені оңтайлы шешу үшін жұмыс берушілердің өзі оқыту үрдісіне қатысуы керек. Қазір оқуын аяқтаған мамандардың білім деңгейін оқу орындарының өздері бағалап жүр. Соған сәйкес диплом береді. Мәселен, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдерде

мамандардың білім-білігін жұмыс берушілер немесе арнайы кәсіби ұйым тексереді. Олардың талабынан шыққан оқу орнын бітірушілер далада қалмайды. Біз де болашақта осындай ұйым құру мәселесі қарастырылуда, — деп түсіндірді министр Тамара Дүйсенова.

Көрсеткіш көп жайдан хабар береді. Біріншіден, елде жұмыспен қамтудың нақты бір жүйесі жоқтығын, екіншіден, орта буын маман



Жұмыссыздық аздырады әрі азғырады

дайындайтын оқу орны өндірістен алшақ. Сонау бір заманғы бағдарламаларымен ешкімге керексіз маман дайындайды. Егер қаузай түссек, бұл өз алдына үлкен тақырып, өзекті мәселе.

— Қазіргі уақытта елімізде орта буын маман өте тапшы. Себебі біздегі оқу орындары Білім және ғылым министрлігі дайындап берген кәсіби стандарттар мен айқындаған мамандықтар тізімі бойынша оқытып шығарады. Шындығына келсек, оны жұмыс берушілер өздерінің қажеттілігіне байланысты ұсынуы керек қой. Мәселен, Германияда кәсіби мамандарды дайындайтын оқу орындары, кәсіби бағыттағы мектеп өздерінің мамандарын тікелей өндіріс орындарында дайындайды. Оқу үрдісінің 80-90 пайызы өндірісте, арнайы жұмыс орындарында өтеді. Оқуын аяқтағанда сол саланың лап-дайын маманы болып шығатыны да содан. Тіпті оқуын бітірмей жатып, өзіне жұмыс табады. Біз маман дайындауды жан-жақты бірлесіп, бір жүйеге келтіріп алмай, бұрыннан келе жатқан мәселелерді шеше алмаймыз, — дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Жексенбай Дүйсебаев бұл мәселеге қатысты.

Бұл ресми дерек қазір ауылда тұратындардың барлығы өзін-өзі жұмыспен қамтушылар ретінде есепке алынған. Егер оларды да жұмыссыз қатарына қоссақ, екі қолға бір күрек таппай жүргендердің саны қазіргіден әлдеқайда көп болып шығады. Сондықтан бірнеше үкімет болып, қоғам болып жүйелі жұмыс істегеніміз жөн-ау. Әйтпесе...

Мендолла ШАМУРАТОВ,
журналист

84079

ТҮЛЕК

19

125 БАЛЛ

1

0

БАЛЛ

52982

ТҮЙІМ
САЛЫНҒАН ЗАТ
ТӘРКІЛЕНДІ

14252

СЫНАҚТАН
ҚҰЛАДЫ

38

ЕМТИХАННАН
ҚҰЫЛДЫ

ҰБТ - 2016



Бұл – өзекті мәселе!

(Басы 1-бетте)

Қабырғалары ырсиған кара тоқтыны үлкен қырықтық қайшымен қырқып жатып, бір уақ белін жазған Жәдігер ағам қораның іргесіндегі айырды ала салып, коқым-соқым араласқан бір айыр жүнді қос қабат қораның жел кеулеп үнірейген қабырғасына тыға салды.

Женгеннің жыл он екі айда айнымай екі айналып келер қызыл танау екі шаруасы бар. Бірі – көктемгі қой қырку, екіншісі – күзгі қаз жұлу, – деп көзінің астымен үй жаққа бір қарап алған Жәдігер ағам, – екеуі де қазір қадірсіз, бағасыз болып кетті. Мына жүн жарықтық тірі пендеге қажет емес. Сосын осылай қораның ашық-тесігін бүтіндейміз. Қалғанын күйдіреміз, төгеміз. Әйтеуір құртып тынамыз. Ал қой терісін бүгін ит те жемейтін болып алған.

Жөкең айтса айтқандай, бүгінде малдың терісі мен жүнінен қадірсіз зат жоқ. Ал он миллион қой бағатын Ұлыбританияда тері мен жүннен сан алуан бұйым жасап, олары әлемдік брендке айналып, данқы жер жарып тұр.

Заманында облыс орталығындағы «Киіз» акционерлік қоғамында қой жүні тәп-тәуір өңделді, – дейді осы акционерлік қоғамда ұзақ уақыт қызмет еткен Жоламан Шөкеев, – ол уақытта қой жүнінен негізінен, пима, киіз бастық. Жалпы, қой жүні қалдықсыз көдеге жарайтын өнім. Қой жүнінің шайыры да пайдаға асады. Жуу агрегаттарында тұнып қалған шайырды арнайы ыдыстарға толтырып, косметика жасайтын кәсіпорындарға жіберетін. Демек, қой жүні шаруашылықта, тұрмыста көп нәрсеге қажет. Бүгінгі заман талабына сай есеп-қисабын ойластырсақ, өзін-өзі ақтайтын, ақтап қана қоймай, кәсіпорынға табыс әкелетін сала.

Қой жүні негізінен, екіге бөлінеді. Биязы және қылшықты жүн. Оның ішінде қадірлісі биязы жүн. Бірақ биязы жүнді қойды өсіру шаруалар үшін оңай емес. Ол үшін жайылымның ерекшелігі, жайылылығы қажет. Айталық, ақселеу, қаудан өсетін біздің дала биязы жүнді қой үшін оншалықты жайлы емес. Себебі ақселеудің, қауданның басындағы ине шөп қой терісіне қадалып, оның ауруға ұшырауына себепші болады. Біздің өлкеде қылшық жүнді қой өсірудің басты себебі содан. Дәл қазір облыста биязы жүнді қойдың саны 15 пайыздан аспайды. Қылшықты жүннен биязы жүн қымбат бағаланады. Қылшықты жүн де көзін тапса, көдеге асады. Ертеректе іргедегі Ресей қарулы күштерінде қызмет

ететін жауынгерлерін осы қылшықты жүнді іске жарату арқылы киіндіретін. Білетіндердің айтуына қарағанда, қазір олар да алмай қойыпты. Яғни өркениет өрістеген сайын сан ғасыр бойы халқымыздың игілігіне айналып келген қой жүнін синтепон сияқты қылшықтан дайындаған материалдар ығыстыра бастады. Күнкөріс тіршілігі төрт аяқ малмен тығыз байланысты халықтың көңіліндегі жалғыз медеу – соңғы



туған шақта ауа көшкен, ел еркіндік алған, ақ жарылқап күн туғанда, туған топыраққа қайта оралған қандастарымыз үшін, арнайы «Нұрлы көш» бағдарламасы шеңберінде салынған мекенжайларда қоныстанған ағайындар жұмыссыздық проблемасын қайта-қайта көтерді.

табатын жан болса, өз-өзінен жолға түсіп кететіні бизнес жоспар. Шын мәнінде, ұлан-ғайыр Ақмола облысындағы елді мекендердегі тілек білдірушілерді киіз үймен қамтамасыз ету үшін оның қаншасын шығару керек. Оның үстіне біздің ел курортты аймақ. Айдыны асып-тасқан көгілдір көлдің жиегінде, ақ қайындардың ортасына ақ шаңқан киіз

ҚОЙ ТЕРІСІ ДЕМЕҢІЗ...

илеуі келіссе игіліктің өзі, ен байлықтың көзі емес пе?!

Кейбір деректерге сүйенсек, әлемдік нарықтағы тері шикізаты импортының 25 пайызын Түркия алады екен. Бұл елде бір күнде 3 мыңға жуық тері өңделеді. Оларға шикізатты тиынға сатамыз да, былғары тонды 2-3 мың долларға сатып аламыз. Кезінде сол тері илеуді түріктер қазақтан үйренген десе, қазір ешкім сенбес.

Егер күні бүгінге дейін игерілмей жатқан ен байлықты ел игілігіне айналдыру үшін осындай жерлерден үкіметтің қолдауы арқылы шағын кәсіпорындар ашса, баршаға бірдей тиімді болмас па еді. Моңғолияда бір жапырақ тері, бір шөкім жүн далада қалмайды, – дейді

сексеннің сенгіріндегі Қабдолла Уақапұлы ақсақал, – күнгі бүгінге дейін біз бағымдағы малдың терісі мен жүнін пайдаланып келдік. Киген киіміміз, үйдегі күнделікті тұтынатын тұрмыстық бұйымдарымыз тері мен жүннен жасалды. Одан кемдік көрген жоқпыз. Аллаға шүкір, «тоғыз қабат торқадан тоқты шағымның терісі артық» демекші, ұрпағымыз таза табиғи киім киіп, экологиялық жағынан мүлтіксіз жүннен жасалынған бұйымдарды көдеге жаратып, бүгінгі күнге жеттік. Көкшетаудың іргесінде қоныстандық. Рас, қазір жалғыз біз ғана емес, жұмыр жердің кез келген түкпірінде қаржылық қиыншылық болып жатыр деп естиміз. Көпті көрген басым бар, сексенге келген жасым бар. Мына балалар киіз үй жасайтын кәсіпорын ашса, тамаша емес пе? Тау басып, асу асып келген ағайындар өздерімен бірге нешеме жыл бойы бастарына пана, жандарына қорған болған алты қанат, сегіз қанат киіз үйлерін қанжығаларына бөктеріп ала келді. Жергілікті жұрт той-томалағына, асына, басқа да жабдығына пайдалануға қатты қызықты. Өйткені, ыңғайлы-ақ дүние. Әрі қой жүнінің иісі шыққан жерге кене, қоныз жоламайды. Ауасы кен, киіз жарықтық жел өткізе қоймайды ғой.

Сұңғыла ақсақал сыр ғылып шерткен шаруаның реті шынымен істің көзін

үйлерді тігіп, мұртымыз көкке шанышылып, шәңііп жатар едік. Киіз үй жол жиегіндегі сауға-саттық көлігін қыздыратындарға да, қымызхана ашатындарға да қажет емес пе. Демек, киіз үй жасайтын шағын кәсіпорын ашылатын болса, қаншама адамға күнделікті жалақы алып, жан бағатын жұмыс орны, әрі ен далада есепсіз, қажетсіз, іріп-шіріп жатқан қой жүні барар жерін таппас та еді. Сол сәтте мал баққан ағайын да әр қойдан орта есеппен үш килограмнан қырқатын қылшықты және биязы жүндерін нарық бағасына сәйкес бағалап өткізіп, жоқтан бас жасап, қонданып кетпесе де, талғажау қылар напақа табар еді.

Әне бір кезде Көкшетау өлкесіне ат ізін салған шетелдіктер Көкшетау-2 стансасының аумағында әлдебір кәсіпкер жиған, бірақ өткізер жер таба алмай, сасып жатқан тау-теніз мал терісін көріп, қатты таңқалыпты. Ысыраптың мұндай жойқын, жойдасыз кейпін көргенмен шетелдікке қазақстандықтардың берекесіздігі қатты әсер етсе керек. Оқыған-тоқығаны мол, көргені көп шетелдік іскер біздікілердің осылайда-осылай деген уәжін қанша қайталаса да түсіне алмапты. Жұрттың қолы жетпей жүрген ең байлық неге шіріп жатыр? Ол неге ешкімге қажет емес? Ақыр-сонына дейін әлгі пақыр ұғына алмапты. Бәлкім, ұғынғысы да келмеген шығар.

Кейін Көкшетау-2 стансасында Қазақстан-Италия біріккен тері өңдеу серіктестігі ашылды. Көп уақыт өткен жоқ жабылып қалды. Анық себебін, бүгін ешкім айта алмайды. Содан бері тері мен жүнді көдеге жаратуға ұмтылыс болғандығын естімедік.

Жәдігер жәкем қой қырқымын аяқтаған соң, қыс бойы ат ізін салмаған бізге арнап бір маркасын сойды. Терісін іреп, қоянша тұтас сыпырғаннан кейін, теріні шарбақтың арғы бетіне атып жіберді. Төрт сирақ бірге кетті. Одан соң іш-тұрман, ішек-қарын. Жәкеннің бетіне адырая қарадым. Маңдайынан аққан терін қолының сыртымен сүртіп жатып, күнк етті. Женген тазалығысы келмейді. Ал сен қайдағы бір ит тартатын теріні ерінбей әңгіме қылып тұрсын. Солай екен-ау.

Байкал БАЙӘДІЛОВ



Түйткіл

Оңтүстік Қазақстан облысындағы 73 мың гектарға жуық жерді қара шегіртке басып алды. Ен даланы қаптаған жәндіктер жайылымды жайпап, қамсыз жұртты әбігерге салуда.

Шегірткелер қарбыз-қауын егілген алқаптарды түгел тауысуға айналды. Бір айға жуық Сарыағаш пен Шардараның егістігін жайпаған зиянкестер енді Ордабасы мен Арыс дикандарын зар жылатып отыр. Алайда облыстық ауыл шаруашылық басқармасының басшысы Серік Тұрбековтің сөзіне сенсек, бүгінде шаруаларға шегірткеден келетін қауіп жоқ. Аймақтық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ол зиянкестерге қарсы күрес жұмыстарына 48 млн теңге бөлінгенін айтты. Ал дикандар болар іс болып, көкөністерін шегіртке жеп қойғанда заласыздандыру жұмыстарының жүргізудің еш қажеті жоқ, – деп отыр.

Диқанды шырылдатқан ШЕГІРТКЕ



Бір жылда Бетпақдалада мекендейтін 70 мыңнан астам ақбөкен қырылған. Биылғы санаққа сәйкес оның саны 36200 құрап отыр. Бұл дегеніміз – 2015 жылдан 63,3% есеге аз.

Киік қырылған жыл



Мұндай деректі Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитеті төрағасының орынбасары Нариман Жүнісов жария етті. Оның айтуынша, әуе санағының қорытындысы бойынша 2016 жылы киіктің саны 108300 болған. Ауыл шаруашылығы министрлігі браконьерлер ашкөздігін қоймаса, қазақ даласында бірде киік қалмауы мүмкін деп дабыл қағып отыр. Қазір елімізде 300 мың ақбөкеннің небәрі 108 мыңы қалған. Ауыл шаруашылығы министрлігі әсіресе, Бетпақдала,

Үстіртте мекендейтін ақбөкендерді сақтап қалу үшін көрші Түркіменстан, Өзбекстанмен келіссөз жүргізуде. Яғни киікті мүйізіне бола қыратын қаскөйлермен бірігіп күреспек. АШМ жануарлар дүниесі және аншылық шаруашылығы басқармасының басшысы Бақытбек Дүйсекеев қару асынып дала кезгендер бірнеше айдың ішінде жүздеген ақбөкенді жайратып салғанын айтып отыр. Ол 33 факті бойынша 100-ден астам киік атылып, 1000-нан астам киік мүйізі тәркіленгенін айтты.

Жас казак: «Православиелік Русь» талдау агентті атты әлдебір ұйымның директоры Константин Душенов Ақтөбеге қатысты мәлімдеме жасап, «Қазақстанды мемлекет деп айтуға мүлдем болмайды. Ол Ресейдің көмегімен хат таныған тайпалардың бірлестігі», — депті.

Айдос Сарым: Өкінішке қарай, соңғы кездері өзіміздің солқылдақ саясатымыздың нәтижесінде Украина, Қырым оқиғасынан кейін делебесі қозған Ресейдің саясаткерлеріне теріс әңгіме айтуға мүмкіндік беріп



қойдық. Мұны «біздің ұлттық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіретін мәлімдеме», — деп қабылдауымыз керек. Оған саяси және ғылыми тұрғыдан баға беріп, екі ел арасындағы бүгінгі қарым-қатынастың денгейін пайдалана отырып, мүмкіндігінше ауызын жаптырған дұрыс. Екінші мәселе — сол ақпараттың бізде емін-еркін тарауы. Бұл елімізде жүрген біраз азаматтарға ой салып, пікірін өзгертуге септігін тигізеді. «Сепаратистік басқа пиғылдағы азаматтарға кәдімгідей қолына жалау ұстатқандай мәлімдеме» — десем артық айтқаным болмас. Сондықтан біз ақпараттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету, ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткізу мәселесін алға қоюымыз керек. Алға қойып қана қоймай, мүмкіндігінше бұл мәселені заң жүзінде іске асыру керек.

Дос Көшім: Қазақстанда 18 мың қоғамдық ұйым болса, Ресейде оның саны 100 мыңнан астам. Сондықтан бір ұйымның жетекшісі еліміз туралы адам сенбес сөз айтса, ер-тоқымымызды бауырымызға алып, тулаудың қажеттілігін көрмей тұрмын. Ит үреді, керуен өзінің жолымен жүре бермек. 90-жылдардан бастап, ондай сөздің талайын естідік. Солженицын, Лимоновтарды былай қойғанда, өз азаматтарымыздың талайының аузынан «қазақтар ел бола алмайды» деген «көріпкелділігінің» куәсі болдық. Не істеу керек? Әрине, басымыздан



Дос КӨШІМ, саясаттанушы

сөз асырмайық деп, Мәскеуге барып, сазайын беру де артықтық қылмайды. Бірақ кімнің аузына қаппақ боламыз. Әлде, мұрны бұзылған шовинист ертеніне «Қазақстан халқына мың да бір алғыс!» деп ұран салады деп ойлайсыз ба? Тоқтамай үре берсе, итке де ашуланасын. Еліміз өзінің ақпарат кеністігін Ресейдің ақпараттық құралдарының қолына беріп қойғаны да ешкімге тан емес, талассыз шындық. Сондықтан көршілеріміздің аузынан шыққан сасық сөздер ертен құлағымызға жетеді. Кейде мен, құдайдың өзі кешірсін, Жириновскийлердің көбірек оттағанын тілеймін. Себебі солардың сөзін естіген азаматтарымыз бұлқан-талқан болып, ұлттық рухы ояна бастайды. «Осы біз еліміз бе, ұлтбыз ба» деп жан-жағына қарайды...


Жас казак: Ресейдің режиссері Сергей Михалков «Қытай Қазақстанды басып алады», — деп айтты. Еліміз түркі тілдес елдермен байланысын тығыз орната бастаған уақытта Ресей ақпарат құралдары Қытаймен қорқыту науқанын бастайды. Олар осылайша өз шеңберінен шығармаудың амалын жасап отыр ма?

Дос Көшім: Казакты Қытаймен қорқыту — Ресейдің саясаттанушылары мен журналистерінің соңғы 10-15 жылдағы жүргізіп отырған жоспарлы жұмысы. Олардың мақсаты да айқын — «қытайдан қашқақтаған қазақ орыстың қолтығына тығылады». Сондықтан «қытай қауіп», «сапасыз қытай тауарлары», «тышқан етінен жасалатын қытай тұшпарасы». Бұл ресейлік БАҚ-тың таусылмас жыры. Біздің жерімізді Ресейге тану саясаты, «Қазақстанда орыстілділерге қысым көрсетіп жатыр-мыс» деген байбалам да тәуелсіздігін алған елдің егемендігін мойындағысы келмеген таза метрополиялық саясат. Путиннің билікке екінші келуінен кейін бұл бағыт үдей түсті. Бұдан құтылудың

жолы біреу-ақ — Ресейдің етегінен ұстауды қоюымыз керек. Әрине, көрші елмен экономикалық, мәдени, т.б. байланыс ешқашан үзілмейді.

Айдос Сарым: Біріншіден, Украинамен болған жағдайдан кейін Ресей үшін Қазақстаннан айырылып қалу ең үлкен орны толмас трагедиялық, катастрофалық жағдайдағы геосаяси ұғылысқа айналатыны анық. Сондықтан бүгін Ресей үкіметі Қазақстанды қалайда болсын өзінің ықпалынан шығармауды көздейді. Тек қана бүгін емес, ертенгі билікпен де жұмыс істеуді мақсат етіп отыр. Сондықтан олар қазірден бастап элиталардың тамырын басып жатыр.

Екіншіден, экономикалық тұрғыдан Орталық Азияға инвестиция салатын мемлекет, әрине, Қытай. Мысалы, жер мәселесінде де Қытайға қарсы қойды. Елімізде тараған ақпараттың көбісі шын мәнінде, Ресейде жасалған, жасакталған. Тіпті Ресей ақпарат көздері арқылы тарап бізге жетіп отыр. Мұның бәрі ақпараттық тәуелсіздікке әкеледі. Шын мәнінде, бұның астары түсінікті. Осындай ақпарат тарату арқылы билік пен қарапайым халықтың, Қытаймен Казакстанның арасын ажырату. «Қытай біз қорқатындай қауіп төндіріп отыр ма, жоқ па?», — деген заңды сұрақ туындайды. Қытай соңғы 35-45 жылдары ешкіммен соғыспаған. Олардың қазіргі ұстанған саясаты — экономикалық экспансия. Яғни компанияның үлесін сатып алу, банктерге, кәсіпорына, мұнайға кіру сынды әрекеттер. Бірақ таза соғысқа Қытай ешкімнен дайын



Айдос САРЫМ, саясаттанушы

емес. Олардың саясаты ұзақ мерзімді. Қытайдың табиғи және геосаяси болжамы 100 жылдан кем емес. Олар үшін 15-20 жыл деген азғантй ғана уақыт. Алдымен, осыны түсініп алу керек. Бүгінгі күні елімізде жерді иеленіп отырғандардың 70-80 % Ресей кәсіпкерлері. Өкінішке қарай, біз осыны айтып отырған жоқпыз. Қытай алып отырған жер мен Ресей алған жерді салыстыратын болсақ, арасы жер мен көктей. Бірақ біз Қытайды айтамыз да, Ресей тасада қалып жатыр. Бұл да қауіпті. Өйткені, Ресей бізбен тікелей шекаралас ел. Шекаралас болғанда кәдімгідей 7,5 мың шақырымды бөліп отырған жері бар. Сондықтан олар өздерінің «агентуралары» арқылы мындаған гектарды арендаға алып отыр. Ал біз неге осыны көрмейміз, байқамаймыз? Сондықтан бұл айналып келген кезде әдейі қасақана жасалып жатқан саясат. Өйткені олар қазақ қоғамының ішінде Қытайға деген үрейлің барын біледі. Олар осы үрейді біздің билікті әлсірету үшін, элиталар арасына сына қағу үшін, билік пен қазақтың арасын ажырату үшін барынша осы мүмкіндікті пайдаланып жатыр. Ол тұрғыда Ресейдің сарапшылары жұмыс жасауда. Біз оған қоғам мен биліктің арасын жақындатумен, өзіміздің ақпараттық талдау жұмыстарымызды жоғарғы деңгейде атқарумен ғана қарсы жауап бере аламыз. Билік өзінің нақты жұмысын халыққа түсіндіруі қажет.

Жас казак: Ұлттық қауіпсіздік комитеті «Төлешовтің жер мен Ақтөбедегі оқиғаға қатысы бар», — деген мәлімдемесінен кейін Ресейдің ақпарат құралдарында елімізге қатысты материалдар көбейе бастады. Төлешовті қорғау науқаны басталды. Дос аға, осыған қатысты не айтасыз?

Дос Көшім: Ең қызығы, адам танымайтын Төлешовті ешкім естімеген ресейлік ұйымдар қорғай

бастады. Апама жездем сай деген осы. Оларды түсінуге болады. Ресейге әйтеуір бір қатысы бар кез келген адамның тұтқындалуы — «Қазақстанда Ресейге қарсы іс-әрекет жүріп жатыр» деуге дәлел болады. Бұл солтүстіктегі көршіміздің бүгінгі саяси бағыты.

Жас казак: Әлеуметтік желіде салафилерге қарсы күшті жұмылдыру керек деген бастама көтеріп жатыр. Ертен өзге секталар тасада қалып қоймай ма?

Айдос Сарым: Бұл сұрақтың жөні бар. Өйткені «салафилер» сектаның бірі. Салафизм идеологиясының өзі бүгінгі күні терроризммен экстремизмге өсіп-өнетін идеологияға айналып отыр. Сондықтан бүгінгі күні оған сөзсіз жауап беруіміз керек. Шын мәнінде, өзіміздің ата-бабаларымыз құрып кеткен исламдық көзқарасымыз, дүниетаным

пайымымыз бар. Еліміздегі шынайы имамдар мен ұламалардың корпусын жасактауымыз керек. Біздің имамдар басқа секталардың басшылармен дауға келген жағдайда ұтылып қалмауы тиіс. Яғни бір бас жоғары тұруы қажет. Білімі, пайымы өмірлік тәжірибе жағынан. Сонымен қатар бұған төтеп беретін жалғыз күш, ол — қазақ ұлтшылдығы. Қаны бар, жаны



Ершат ОНҒАРОВ, КМДБ Фронталар кеңесінің хатшысы, дипломатушы

бар, жүрегі бар жалғыз жанкешті қазақ ұлтшылдығы. Осыған дейін біздің билік қазақ ұлтшылдарын шетке ысырып келді. Менің ойымша, бүгінгі күні ауылдан қалаға келіп, секталарға кетіп жатқан жастармен жұмыс істейтін ұйым керек.

Дос Көшім: Меніңше, біз қазір өтпелі кезеңде отырмыз. Коммунистік жүйеде өмір сүрген кезеңде өзіміздің ата дінімізден айырылып қалдық та, қазір қайта

жанғырту үстіндеміз. Ислам дінінің әліппесін көпшілігіміз түсіне де бермейміз. Сондықтан әрқайсымыз алдымыздан шыққан кез келген ағымдарға, оларды таратушы ұстаздар мен пірлерге сеніп, етегінен ұстап кете береміз. Олардың оны мен солын тануға біліміміз, дайындығымыз жетпейді. Өкінішке қарай, бұл кезең әлі де ондаған жылдарға созылатын сияқты. 90-жылдары Қазақ жеріне сан түрлі секталар енді. Ашықтан-ашық жұмысын жасады. 1992 жылғы діни сенім туралы заңымыз қақпамызды ашып берді. Соның салдарынан талай қазақ баласы олардың

заңды қайта қарап, күшейту қажет деп ойламын.

Жас казак: Айдос, Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бұрынғы директоры Болат Сұлтанов Сізді «Ресеймен қарым-қатынас орнатуға кедергі жасап жүргендердің бірі» — депті.

Айдос Сарым: Шынын



ҚАУІП ҚАЙДАН?

